

Салим Ербол Калтурсынулы

**ЭКВИВАЛЕНТСИЗ ЛЕКСИКА СӨЗДҮГҮНӨН ЖАРАЛГАН
ЛИНГВОЭЛ ТААНЫМДЫК СӨЗДҮК**

Сәлім Ербол Қалтұрсынулы

**ЭКВИВАЛЕНТСИЗ ЛЕКСИКА СӨЗДІГІНЕН ТУЫНДАҒАН
ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫК СӨЗДІК**

Салим Ербол Калтурсынулы

**СОСТАВЛЕНИЕ ЛИНГВОЭТНОЛОГИЧЕСКОГО СЛОВАРЯ НА
ОСНОВЕ СЛОВАРЯ БЕЗЭКВИВАЛЕНТНОЙ ЛЕКСИКИ**

Salim Erbol Kaltursynuly

**COMPILING OF LINGUO-ETHNOLOGICAL DICTIONARIES
BASED ON NON-EQUIVALENT DICTIONARIES**

УДК: 81.1'25/802.0:37+81'25

Автор макалада лингвоэл таанымдык сөздүктүн жаралышы эквивалентсиз лексика сөздүгүн түзүүдөн башталып, ал учурда сөздүн гана эмес, сөз маанисинин да эквивалентсиз болгондугуна байланыштуу чет элдиктерге арналган сөздүктүн арымы (көлөмү) кеңейип, лингвоэл таанымдык сөздүккө жакындай түшкөнү жөнүндө сөз кылат. Макалада көтөрүлгөн темага тиешелүү мисалдар берилүү менен, лингвоэл таанымдык сөздүк түзүүдө пайда болуучу маселелер козголот. Лингвоэл таанымдык сөздүктүн идеографиялык, тилдик сөздүктөр менен энциклопедиялык сөздүктөрдүн принциптерин да камтыры жөнүндө кеп болот. Сөздүк макаланын лингвоэл таанымдык сөздүктө түшүндүрүлүшү кандай түрдө боло турандыгы талдоого алынат. Тилдик жана энциклопедиялык сөздүктөрдөгү макала аныктамаларынын лингвоэл таанымдык сөздүктө жеткиликсиз, толук эмес экендиги көрсөтүлүп, ал сөздүктөрдөн лингвоэл таанымдык сөздүктөр үчүн кандай аныктамаларын алуу керектигине токтолот. Лингвоэл таанымдык сөздүктүн негизги өзгөчөлүгү катары окутуу сөздүгү тибинде калыптандыруу кажет экендигин баса белгилейт.

Негизги сөздөр: эквивалентсиз лексика, лингвоэл таануу, тилдик сөздүктөр, энциклопедиялык сөздүктөр, идиографиялык сөздүктөр, сөздүк макала, түшүнүк, семантикалык үлүш, лексикалык фон.

Автор макалада лингвоэлтанымдык сөздіктің шыгуу эквивалентсиз лексика сөздігін құрастырудан басталып, сол кездегі сөздің гана эмес сөз ұгымының да эквивалентсиз бола алуына байланысты шет елдіктерге арналган сөздіктің ауқымы кеңейіп лингвоэлтанымдык сөздікке жалгасқанын айтады. Макалада тақырыпқа қатысты мысалдар беріліп, лингвоэлтанымдык сөздік жасаудағы туындаған мәселелер қозғалады. Лингвоэлтанымдык сөздіктің идеографиялык, тілдік сөздіктер мен энциклопедиялык сөздіктердің принциптерін өз бойына ерекшелендіре отырып жинақтайтыны сөз бо-

лады. Аталган сөздіктердегі сөздік мақаласының лингвоэлтанымдык сөздікте қарастырылуы қай түрде болуы керек екеніне талдау жасалады. Тілдік және энциклопедиялық сөздіктердегі мақала анықтамаларының лингвоэлтанымдык сөздікке жеткіліксіз екендігін көрсетіп, ол сөздіктерден лингвоэлтанымдык сөздіктерге қандай анықтамаларын алу керек екеніне тоқталады. Лингвоэлтанымдык сөздіктің басты ерекшелігін – оқыту сөздігі ретінде қалыптастыру қажет екендігімен бекітеді.

Кілітті сөздер: эквивалентсиз лексика, лингвоэлтаным, тілдік сөздіктер, энциклопедиялық сөздіктер, идиографиялык сөздіктер, сөздік мақала, ұғым, семантикалык үлес, лексикалык ая.

В данной статье автор отмечает, что создание лингвострановедческого словаря начинается с составления словаря безэквивалентной лексики, связывая это с тем, что при этом не только само слово, но и его семантика становится безэквивалентной, расширяется диапазон словаря для иностранцев и продолжается составление лингвострановедческого словаря. В статье приводятся примеры, касающиеся этой темы, затрагиваются вопросы создания лингвострановедческого словаря. Речь идет о том, что лингвострановедческий словарь обобщает принципы идеографического, языкового и энциклопедического словаря, отличаясь своей особенностью. Анализируется, в каком виде должна быть рассмотрена словарная статья в названных словарях в лингвистическом аспекте. Следует отметить, что определения статей в лингвистических и энциклопедических словарях не подходят для лингвистического словаря, и автор рассматривает вопрос о том, какие словари следует использовать для составления лингвистических словарей. Он утверждает, что ключевой особенностью лингвострановедческого словаря является необходимость его формирования как учебного словаря.

Ключевые слова: безэквивалентная лексика, страноведение, лингвистические словари, энциклопедические словари, идиографические словари, лексический словарь, понятие, семантический вклад, лексический фон.

In the article, the author notes that the creation of a linguistic-cultural dictionary starts with the compilation of a dictionary of non-equivalent vocabulary; The article provides examples relating to this topic, and concerns the creation of a linguistic-cultural dictionary. The point is that the linguistic dictionary of general linguistic vocabulary summarizes the principles of ideographic, linguistic and encyclopedic vocabulary, distinguished by its peculiarity. It is analyzed in what form the dictionary entry should be considered in the dictionaries in the linguistic aspect. It should be noted that the definitions of articles in linguistic and encyclopedic dictionaries are not suitable for a linguistic dictionary, and the author considers the question of which dictionaries should be used to compile linguistic dictionaries. He argues that the key feature of the linguistic-cultural dictionary is the need to form it as an educational dictionary.

Key words: non-equivalent vocabulary, regional geography, linguistic dictionaries, encyclopedic dictionaries, ideographic dictionaries, lexical dictionary, concept, semantic contribution, lexical background.

Эквивалентсіз лексика сөздігін құрастыру туралы ой сөздің континенттік теориясы енді-енді авторларда туындай бастаған пайда болған.

Біздің ойымызша ол шамадан төмендегіше жүзеге асты. Тілді үйрене отырып, адам сол тіл қызмет ететін мәдениетті де меңгеретінін ешкім жокқа шығармайды. Дегенмен, негізгі орын «тілге» берілген, ал тіл арқылы мәдениетті үйретуге бағытталған оқу құралдары қазіргі таңда біздің елімізде енді-енді қолға алынып жатыр.

Сөздік құрастырушылар бір-біріне толық сәйкес келе бермейтін сөздерді жақындата отырып, басқа мәдениетпен сәйкестікті іздейді. Қазақ тіліндегі «батыр» және орыстың «богатыры» немесе немістің «Реске» сөздерін алайық немесе «балайка» сөзі. Оларды қысқаша сипаттауда («қазақ эпосының батыры») және әсіресе жиі құбылыстың шығу тегі тікелей көрсетіледі («ішекті музыка аспабы»). Екі тәсілді де біз жеткіліксіз деп есептедік тек богатырь ғана емес, князь де, дружинник те эпос батыры бола алады, ал ішекті музыка аспабына балалайкамен бірге скрипка, гитара, домбыры да жатады... Біздің ойымызша, эквивалентсіз сөздердің жай транслитерациясысын жасау дұрыс емес, өйткені қазақ сөздерін латынша жазу – ешқандай нәтиже бермейді.

Мұндай кері тәжірибенің салдарынан алғаш рет Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаров эквивалентсіз лексика түсініктері қамтылған сөздік құрастыруды ұсынды [1, 115]:. Сөздік тек шет елдіктерге арналған еді, өйткені онда түк болмағанда орта білімі бар азаматтар білетін мәліметтер ғана қамтылған болатын. Осылайша табиғи лексикалық аяны модельдеуге тырысқан.

Тақырыптық жағынан, сондай-ақ шығу төркіні тұрғысынан сөздікке енген лексика он топқа бөлінді: советизмдер (автономдық республика, агитпункт, актив, большевик); жаңа тұрмыс атаулары (академгородок, бюллетень, БСЭ, барабанщик); дәстүрлі тұрмыс атаулары (балалайка, монша, баян); фразеологиялық бірліктерден құралған лексика (қол қусыру); историзмдер (алтын, аракчелвизина, боярин); фольклорлық сөздер (аңыз, богатырь, мыстан, ақтасты); антропонимдер (Александр, Богдан, Борис); топонимдер (Арбат, Архангельск); коннотативтік лексика (анчар, қайың, ақ); арнайы ұлттық лексика (академиялық театр, аканье, ақ көмір).

Жұмыс барысында тек эквиваленті жоқ сөздермен ғана шектелу дұрыс еместігі анықталды. Егер эквивалентсіз сөз деп өзге тіл мен мәдениетте баламасы жоқ, тұрақты сәйкестілікпен аударылмайтын сөздерді есептесек, ол сөздікте біршама эквивалентті сөздер (қайың, ақ сияқты), тіпті интернационализмдер де кездесіп отырды. Сондай-ақ сөздікке енген «эквивалентті» сөздер бір жағынан «эквивалентсіз» бірлікте бола алады, яғни ол сөздікте өз орнын дұрыс иеленген сияқты.

Мысалы, «Коллективизм» сөзі интернационалдық сөз болып табылғанмен, оның семантикасы ұлттық-элеуметтік тұрғыдан ерекшеленеді. Сол кездегі «Интеллигенция», «индустриализация», «автономдық» және «бюллетень» сөздері туралы да осыны айтуға болады: бұлар тек генетикалық интернационализмде, олардың синхрондық семантикасы бастапқы латынша баламасына емес, отандық ақиқатқа байланысты екені мәлім.

Барлық тілдерге аударыла беретін сөздер де эквивалентсіз болып шықты. Ол сөздіктегі осындай «ұлттық, бірақ аударылатын» бірліктерге сайлау, көгілдір, азамат, сарай, батыс, жұлдыз, ту, ботқа, қоңырау, сиыр, мысық т.б. сөздер, сондай-ақ монша, сүт, шай, қыс, жұмыртқа, хат, дәрігер, түскі ас секілді сөздер мен сөз тіркестері де енді. «Үй» сөзінің жан-жақты талдауы толық аударылатын сөздің де кей жағдайларда аударыла алмайтынына сендіреді.

Эквивалентсіз сөздікпен жұмыс істеу барысында лексикалық ая теориясына негізделді, сондықтан неліктен сөздікте эквивалентсіз лексика талаптарына сай келмейтін сөздер кездесетінін, ол сөздерден бас тартқылары келмейтінін түсіндіру қиын болды. Ол аз болса, сөздік мақалалардың әзірленуі барысында дәл осы эквивалентті

сөздер ұлттық мәдениетті игеру үшін көптеген қызықты материал бере алатындығын көрсетті.

Лексикалық семантиканың ұғым (зат пен құбылыстың атауын қамтамасыз ететін СҮ жиынтығы) мен аяға (басқа СҮ жиынтығы) бөлінетіні туралы ой ұғымдық және аялық эквивалент – сөздіктің айырмасын түсінгенде, өздігінен сұрыпталған сөздік нәтижелерінен де түсінікті болды: оған ұғымдық-эквиваленттік, бірақ аялық-эквивалентсіз сөздер енді.

Алайда ғылыми әдебиеттегі «эквивалентсіз лексика» атауы ұғымдық-эквивалентсіз сөздерге телінгендіктен, В.Г. Костомаров пен Е.М. Верещагин өздері басында ойлаған «эквивалентсіз сөздік» атауынан бас тартады. Егер ол басында сөздікке енген лексикалық бірліктер типі бойынша аталса, кейін оның атауында семантизация тәсілін басып көрсету мақсатымен сөздік «лингвоелтанымдық» деп аталады.

Атаудың мұндай өзгеруі құрастырушылар назарының лексиканы таңдау мәселелерінен семантизация мәселелеріне ауысқандығын көрсетеді, яғни ол іштей ізденіс бағытымен байланысты.

Сонымен, ая лексикасының сөздікте семантикалануы жайында әңгімелейік. Бұл мәселе әлі қарастырылмаған: семасиологияда аялық лексикалық бірлік оқытылмайды; ал лексикографияда, сәйкесінше, оны семантизациялау жолдары зерттелмеген. Лексикалық аялар семантизациясының ерекшеліктерін анықтау үшін, ортақ және жақын лексикографиялық ұғымдарды қарастыру қажет.

Лексикографияда бір сөз не қарапайым, тұрмыстық сапа тұрғысынан (түсіндірмелі сөздіктер осындай), немесе ғылыми білімді жеткізу тарапынан (энциклопедиялық сөздіктер) семантикаланады. Лексикографияда лексикалық ұғымның филологиялық түсіндірілуі мен солай аталатын ғылыми ұғымның энциклопедиялық анықтамасының айырмашылығы жақсы зерттелген.

Ол екеуінің арасындағы үлкен айырмашылыққа қарамастан, лексикалық ұғымның филологиялық түсіндірілуі сөздіктегі қызметі жағынан ғылыми ұғымның энциклопедиялық анықтамасына сай келеді.

Қалай болғанда да, энциклопедиялар жалпыға мәлім емес білімдерді көрсетеді, дегенмен де олар қоғамдағы барлық мәліметтер қорын қамти алмайды: яғни кең таралған СҮ энциклопедияларда сипатталмайды.

Осылайша, ғылыми аяның семантикалануы бұл әрдайым тілдің лексикалық құралдарының

ерекшеленуі: сөз табиғи тілдегі өзінің қызметінен алшақтайды да, оған жалпы білімнен бөтен мағына жүктеледі. Сөздің ерекшеленуі – бұл бастапқы мағынадан мүлдем арыну емес, әсіресе халықтың білім деңгейі күн санап өсіп келе жатқанын ескерсек, ғылыми және тұрмыстық шындық арасындағы айырмашылық та барған сайын азая түскен.

Семантикалаушы сөздік мақаланың құрылымына қайта келейік. Энциклопедияларда ғылыми ұғым анықтамасы да кездеседі. Филологиялық сөздіктерге келсек, онда түсіндіру бар (энциклопедиялардағы анықтамаға сәйкес келеді), бірақ сипаттамаға ұқсас ештеңе жоқ. Осылайша, сөз аясы лексикографиялық көріністің мысалы бола алмайды. Неге бұлай екендігін түсіндіру қиын емес. Қазақтарға арналып жасалған қазақ тілінің сөздігіне бәрі білетін «парта», «такта» сөздерін қосудың не қажеті бар? Кез келген сөздік кең қолданысқа арналып, өзінің құрамына жаңа сөздерді қамтуы керек, сондықтан баршаға жақсы мәлім тұрмыстық деректерді сөздікке қосу дұрыс болмас еді. Ал егер сөздікті қолданушы шет елдік адам болса, мәселенің мәнісі өзгереді. Ол адам үшін ғылыми аяның энциклопедиялық сипаттамасының аналогы, яғни лексикалық аяның семантизациясы өте қажет.

Энциклопедия мен түсіндірмелі сөздік арасында едәуір изоморфизм (анықтама мен түсіндіру арасындағы жақындықтан көрінетін) байқалатындықтан, филологиялық сөздіктерге энциклопедиялық сипаттамаға ұқсас элемент енгізуге болады. Сондықтан лексикографияның сипаттамасына пара-пар, сөзді семантикалаудың тағы бір тәсілін енгізуді ұсындық.

Бұны, *ғылыми негізде түсіндіру* деп атайық. Түсіндіру – бұл лексикалық аяның лексикографиялық тұстан семантикалануы. Егер күнделікті тұрмыстық білімдер филологиялық (түсіндірмелі) сөздіктерде семантикалатынымен келісек, ғылыми негізде түсіндіру – бұл энциклопедиялық емес, тілүйретім сөздіктеріндегі сөздік мақаласының элементі.

Мысал ретінде М.А.Денисованың лингвоелтанымдық сөздінен бір сөздік мақалаға берілген түсіндіруді көрсетейік [2]:

СЫНЫП. Мектептегі оқу бөлемесінің бірі. Онда сабақ жүргізіледі.

Төменгі сынып оқушылар бір сыныпта сабақ өтеді. Орта және жоғары сынып (4-сыныптан бастан) оқушыларының сабақтар пән кабинеттерінде (физика, география т.б.) жүргізіледі.

Сыныптың есінде қай сынып екені жазылады: мысалы 2 «а» сыныбы. Сыныптың ішінде мектеп жиһаздары тұрады: парта, мұғалім столы. Қабырғаға тақта ілінеді. Ұлы тұлғалардың суреттерін ілуге де рұқсат берілген. Сыныпта сонымен қатар «сынып бұрышын», «қабырға газетін» ілу де қарастырылған.

Энциклопедиялық мақала аясында ғылыми негізде түсіндірудің ерекшелігі айқынырақ көрінеді: ол сол тілде сөйлеушілердің тұрмыстық санасындағы бар нәрселер семантикаланады.

Лингвоелтанымдық сөздік – бұл семантикалаудың құралы ретінде лексикалық ұғымдарды түсіндіруде қолданылатын сөздік. Лингвоелтанымдық сөздік түсіндірмелі сөздіктің жалғасы, кеңейтілген түрі іспетті, бірақ (дәстүрлі түсіндірмелі сөздік жанры толық қалыптасқандықтан), басқа атау алған дұрыс болды.

Лингвоелтанымдық сөздікті толығымен филологиялық сөздікке жатқыза алмаймыз (әрине, егер филологиялық сөздіктер тек тұрмыстық аялық ұғымдарды көрсетеді деп есептесек). Оған тұрмыстық деп есептеуге болмайтын мәліметтер енгізіледі.

«Сөздік мақалаларын жазу барысында ғылыми негізде түсіндіруге ғылыми ая элементтерін қосу дұрыс екендігі айқындалды. Алайда, мақалаларды құрастырушылар бұрынғыша ең алдымен өзінің жеке, тұрмыстық білімін заманауи шындыққа және өткен құбылыстарға сәйкестендіруге тырысады. Ал лингвоелтанымдық сөздікті оқырман таза ғылыми еңбек ретінде емес, ең алдымен анықтағыш ретінде қабылдайтын болғандықтан, бірінші кезенді біз ең негізгі деп санасақ та, ең соңғы деп есептемейміз. Мақала жазудың екінші сатысына түсіндіру мәтінін беделді ақпарат көздері бойынша тексеру және оны бастапқы лексикалық бірлік аясына жататын кейбір деректерді енгізу арқылы кеңейту жатады» [3, 17]. Көріп отырғанымыздай, сөздік құрастырушылар семантикалаудың филологиялық қағидаларынан алшақтап, сол арқылы сөздікті энциклопедияға жақындатады.

Лингвоелтанымдық сөздіктің филологиялық және энциклопедиялық белгілерін бір-біріне қарсы қоя отырып, сөздік мақалаларын жазу тәжірибесінде бұл белгілер ешқандай жағдайда қарсы тұрмайтынын, қайта бірін-бірі толықтыратынын атап өткен дұрыс. Мәселен, еліміздің астанасы Астана қаласы екенін шет елдік азамат білуі мүмкін, бірақ оның қашан Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшірілгенін ол білмейді.

Лингвоелтанымдық сөздіктің сәйкес мақаласында энциклопедиялық белгіге жататын нақты мерзім көрсетіледі. Бірақ мерзімді нақтылау – бұл тек ғылыми ғана емес, тұрмыстық білімді де негіздеу үшін қажет.

Лингвоелтанымдық сөздіктің модификацияланған түрі кемінде үш филологиялық сөздіктің бірлігі сияқты көрініс табады: түсіндірмелі, идеографиялық және сөз тіркестер сөздігі. Бірақ оның бұл сөздіктерден едәуір ерекшеліктері бар.

Лингвоелтанымдық сөздіктің дескрипторлық семантикалаушы бөлімі түсіндірмелі сөздіктегі өзі тәрізді бөлімге қарағанда анағұрлым көбірек. Өзінің көлемі жағынан ол тіпті жалпы энциклопедиялардан да асып түседі.

Идеографиялық және сөз тіркестерінің сөздіктерінен лингвоелтанымдық сөздіктің айырмашылығы онда тақырыптық лексика жай тізіммен беріліп қоймайды, оның түсініктемеге қосылатынымен ерекшеленеді. Әдетте идеографиялық және сөз тіркесі сөздіктерінде сөйлеуге дайын әзірлеме берілетін болса, лингвоелтанымдық сөздікте бұл әзірлемелер семантикаланады. Идеографиялық және сөз тіркесі сөздіктерінің арқасында шет елдік азамат сол әзірлемелерді түсіне алады және оларды өзге тілдік мәдениетпен сәйкес келетін тұстарда ғана қолдана алады. Мәселен «концертке бару» әзірлемелік сөз тіркесінің негізінде «Кеше біз концертке бардық» деген сияқты фразалар оңай құрылады. Ұлттық мәдени ерекшелігі бар салада белсенді қарым-қатынас жасау үшін мұндай әзірлемелер жарамсыз.

Лингвоелтанымдық сөздік ең алдымен отандық мәдениеттің ұлттық тарихи және әлеуметтік ерекшелігін семантикалай отырып, біріншіден, қазақ тілінің сөйлеу формаларын түсінуге, екіншіден оларды белсенді түрде қолдануға мүмкіндік береді. Қайткен күнде де идеографиялық және сөз тіркесі сөздіктерімен бірге лингвоелтанымдық сөздік шрифтік ерекшеліктердің арқасында белгілі бір мазмұнды қалай жеткізуге болатынын білуге мүмкіндік береді, ал екі сөздіктен айырмашылығы лингвоелтанымдық сөздік айрықша сөйлеу формаларының мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Сөздік мақалаларын жазудың лексикографиялық ережелері мәселесін қозғай отырып, біз лингвоелтанымдық сөздіктің келесі, үшінші белгісіне келдік. Өзінің бойында энциклопедиялық және филологиялық сөздіктердің белгілерін жинақтай отырып, олардан өзінің *тілүйретімділігімен* ерекшеленеді.

Оның бұл ерекшелігі кімге арналуына байланысты. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл сөздік белгілі бір тілді шет елдіктерге оқыту тәжірибесінен туындаған және ең алдымен осы тілді үйренушілер мен оқытушыларға арналған. Оның дәл осы сипаты семантикаланатын мәліметтердің таңдалуына септігін тигізді.

Сөздіктің тілүйретуге бағытталғанын ондағы көрнекі суреттер де дәлелдесе керек. Шет елдіктерге суретті көрсете отырып түсіндіру үлкен нәтиже беретіні мәлім. Осылайша лексикалық аяның барлық қомақты үлестері мұқият сұрыпталып, қосымша көрнекіліктермен және сөздік мақала мәтінімен толықтыру әдістемесі қолданылады.

Сөзтізбеге жалпылама лексикамен бірге қолданылуы аясы тар сөздер де (соның ішінде, архаизмдер, фольклоризмдер, тақырыпқа байланысты сөздер мен терминологиялық сөздер) енген.

Түсіндірмелі мәтіндерде филологиялық лексикографияға ғана емес, энциклопедияға да тән

әдістер қолданылған. Дей тұрсақ та, мәселе мәліметтерді жинаудың энциклопедиялық қағидалары туралы емес, мәтінді құрудың энциклопедиялық формасы жөнінде болып отыр. Сондай-ақ сөздік мақалалардың мәліметті жан-жақты қамту дәрежелері әртүрлі: біреуі қысқа әрі нұсқа болса, басқасы мәліметті кеңінен қамтып, жан-жақты талқылайды. Кейбір мақалалар нақты болса, біреулері жалпылама сипатта келеді.

Әдебиеттер:

1. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - Москва, 1976. - 226-б.
2. Денисов М.А. Лингвострановедческий словарь. Народное образование в СССР / Под редакцией Верещагина Е.М. и Костомарова В.Г. - Москва, 1978
3. Андрианова Т.П., Ионисиани М.А. О соотношении обыденного и энциклопедического знания в структуре изъяснения русской безэквивалентной и фоновой лексики (из опыта создания учебного лингвострановедческого словаря). - Москва, 1976.

Рецензент: д.филол.н. Кенжебаев Д.О.